

«Отанды қорғау – қасиетті парыз» тақырыбында кураторлық шебер сағаты

2023 жылдың 6 ақпанында «Қазақ тілі және мәдениеті» кафедрасының аға оқытушылары К.К. Нуржанова, М.Т. Оспанғалиевалар жетекшілік ететін Лог-22-1, ОП-22-1 топтарымен «Отанды қорғау – қасиетті парыз» тақырыбында шеберлік сағатын өткізді. Кураторлық шеберлік сағатқа қатысқандар: ҒЗИ әдіскері С.Т. Мухамбеталина, Рухани-адамгершілік тәрбие жөніндегі кеңесінің мүшесі М.Ә. Хасен, ЖМ кафедрасының аға кураторы Ж.М. Тулеутаева, КТЖЛЖ кафедрасының аға кураторы А.М. Мауленова. Шеберлік сағатқа 28 адам қатысты.

Мақсаты: Студенттерді отансүйгіштік рухта, өз елінің нағыз қорғаушысы болуға және қарулы күштердің беделін арттырумен қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу. Отан алдындағы өз борышы мен жауапкершіліктерін түсініп құрметтеуге баулу.

Шебер сағаттың тақырыбын ашу, студенттердің «Отанға деген құрметтері» қаншалықты екендіктерін тексеру мақсатында сұрақ-жауап алынды. Қатысушылардың назарына «Атамекен – құт мекен» туралы бейнеролик ұсынылды. ЛОГ-22-1, ОП-22-1 топтарының студенттері Тілеуке Бақдаулет пен Ыбырай Азаматтың баяндамалары тыңдалды.

Студенттердің тақырыпты қаншалықты игергендерін анықтау мақсатында «Wordwall» платформасы арқылы «Кім көп біледі?» кездейсоқ дөңгелек ойыны. «Сәйкес келетін жұптар» ойыны. «Ойтүрткі» мақалдардың сыңарын дұрыс табу. «Кім жылдам?» викторина ойындары ойнатылды.

Шеберлік сағатқа барлық студенттер белсенді қатысты. Куратор сағатының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізілді.



